



Ақмешіт

27 қараша
сенбі

№94 (1796)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



Соңғы кезде күйзеліске түсіп,
миға сокқы, жүрекке салмақ түсіріп
жүргендер көп. Адамға қазір тек
медициналық емес, психологиялық
көмек көбірек керек. Себебі бүгінде
жоқшылық, қымбатшылық,
жетіспеушіліктен шаршап
жүргендер аз емес.



ӨНЕР КҮЙЗЕЛІСТІ ЕМДЕЙДІ

Қарап отырсақ, еліміздің ірі қалаларында арт-терапияның көмегіне жүгінетін жандар көп. Күйбең тіршіліктің бітпейтін мәселесінен бір мезгіл арылып, уақытын өзіне арнайтындар арт-терапия орталығына барады. Бір сөзбен айтқанда арт-терапия – өнер арқылы адам жанын емдеу әдісі. Әсіресе ол психологияда жиі қолданылады. Бұл жаман ойлардан арылып, адам жанына тыныштық сыйлайды. Дәрі-дәрмексіз оның орнына бояулар, саз балшық, музыкалық аспап, қағаз, ағаш, күм секілді заттар жаныңды емдейді. Сонда қалай дерсіз...

3 бетте

БАҒЫТ

«ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ»: БАҒДАР ЕТЕРЛІК ҚАҒИДАТ

Осы аптадағы ең өзекті саяси жаңалық ретінде елордада Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысын атап өтуге болады.

Бейнеконференция режимінде ұйымдастырылған жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері, Nur Otan партиясының Саяси кеңесі мен Бюро мүшелері, Парламент Мәжілісіндегі және мәслихаттардағы партия фракциясының депутаттары, өңір басшылары, Jas Otan жастар қанатының көшбасшылары қатысты.

Жиынды ашқан Елбасы тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан көппартиялық жүйе елдігіміздің тірегіне айналғанын, осы орайда Nur Otan партиясының саяси салмағы басым екенін айта келіп, отыз жыл ішіндегі еліміздің даму жетістіктеріне тоқталды. Мұның барлығы бірлесіп атқарылған жұмыстың, маңызды мемлекеттік шешімдер мен батыл реформалардың жемісі екенін атап өтті.

Дәл осы жиында Елбасы жетекші партияны Президенттің басқаруы маңызды екенін айтып, Nur Otan партиясындағы өкілеттілігін Мемлекет басшысына беру туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл шешімі жұртты елең еткізгені анық. Тұңғыш Президенттің бұл шешімін ел зиялылары да дұрыс қадам санайды. Ақын Несіпбек Айтұлы: «Nur Otan партиясы Саяси Кеңесінің кеңейтілген отырысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев партия төрағасы өкілеттілігін тапсыру туралы шешім қабылдай отырып, оны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев басқаруы керектігін айтты. Мен оны дұрыс шешім деп қабылдаймын», деген ойын білдірді. Академик Хангелді Әбжанов: «Тап осындай сөзге Тұңғыш



Президентіміз – Елбасы Н.Назарбаевтың Nur Otan партиясының басшысы мәртебесін Қ.Тоқаевқа беруі – кемелділіктің тамаша айғақ-дәлелі. Сын сағатында билік бір адамның қолында болуы керек», – деп жазды «Егемен Қазақстан» газетіне.

Партия жиынында Тұңғыш Президент «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынды. Олар: тәуелсіздік, бірлік пен келісім, қасиетті жер, отбасы мен салт-дәстүр, ұлт мәдениеті, білім мен еңбек, прагматизм.

Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов: «Елбасының қоғамның назарына ұсынып отырған қағидаттар жиынтығындағы ұлттық мәдениет арқылы саналы ұрпақ тәрбиелейміз деген ойы көкейімізге қонақтап қалды. Ұлттық мәдениетті тарихтан бөліп-жарып қарай алмаймыз. Арыға көз

жүгіртсек, тамыры тереңнен бастау алатын ұлы көшпенділердің ұрпағымыз, Елбасы айтып өткендей, болмысы ерекше, рухани-мәдени мұраларға бай халықпыз. Адамдар өткен тарихтан тірек іздейді. Бірақ әлемдік өркениетте көші озық елдердің қатарына қосылу үшін өткен тарихыңмен шектеліп қалу да аз. Дәл қазір жаһандық бәсекеге қабілетті ел болу үшін бірегей ұлттық мінез, асқақ рух керек», – деп елдік болмыстың өзегін сақтау – ұлттық болмысымызды сақтау екенін айтты.

«Ана тілі» газетінің бас редакторы Қали Сарсенбай Елбасы айтқан қағидаттар жиынтығын ұрпаққа аманат-хат ретінде қарастырса, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы «Мәңгілік елдің жеті тұғыры» деп атады.

ӘЖУМАДІЛДӘУЛЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Соңғы жылдары қала ерекше құлпырып, келбеті жаңарып-жасарып келеді. Таза көше, жаңғырған жол, әсем үйлер мен түрлі архитектуралық үлгімен салынған ғимараттар, заманауи ойын-сауық орталықтар – бәрі-бәрі алыстан көз тартады. Әсіресе көктем-жаз айларында шаһар ерекше шырайлана түседі. Хош иісті гүлзар мен абатты аллеялар көңілге жайлылық сыйлайды. Бір қуантарлығы, мұндай онтайлы өзгерістер мен толымды істер игілігін көруде тек қала орталығы ғана емес, шеткі аймақ та көлеңкеде қалмапты. Жаңарудың, өрлеудің өзгеше лебі еседі.



2 бетте

ЭКОНОМИКА

«Откен жетіде Қазақстан қор биржасы (KASE) тізіміндегі және Курсив-20 индексіне енген 20 эмитент қағаздарының алдыңғы аптада құлдыраған бағасы қайта қалпына келді. Индекс мәні 1 298,47-ден (03.11.2021 сауда күнінің соңындағы) 1 345,62 пунктке (10.11.2021 ж. 15:00 жағдай бойынша) өсті».



АКЦИЯДАН ӘРКІМНІҢ ДЕ БАР ҮМІТІ...

Қазір осы мазмұндағы ақпаратқа көпшілікті елең ететіні жасырын емес. Себебі соңғы кезде қор биржасына тек инвесторлар ғана емес, сіз бен біз сияқты қарапайым адамдар да қызығушылық танытып жүр. Тіпті қарапайым халықтың өзі дәл қазір акция сатып алатындай жағдайы болмаса да, бағалы қағаздар туралы ақпаратты білуге ұмтылысы сезіледі. Бұл – айлықан-айлыққа өмір сүретін көпшіліктің қалай табыс көзін арттырамын деп қаржылық сауаттылығын арттыруға деген ықыласы. Сондай-ақ жұртшылықтың ақшасының басын құрап, акция сатып алуға қызығуына соңғы кезде брокерлік компаниялардың көбеюі мен мобильді қосымшалардың пайда болуы да әсер етсе керек. Біздің бұл тақырыпқа қалам тартуымыздың себебі де сол, оқырман сұранысынан туған еді. Сонымен бүгінде

қор нарығындағы белгілі компаниялардың акциясын сатып алу жолдары біршама жеңілдеді. Сондай-ақ қор нарығындағы жақсы жаңалықтың бірі – шетелдік компаниялардың акциясын теңгемен сатып алуға мүмкіндік жасалды. Қор биржасының баспасөз қызметі хабарлағандай, KASE-тің ресми тізімінде Bank of America Corporation, Apple Inc, Форд, Coca-cola, Nike компанияларының жай акциялары бар. Жұырда ғана елге келген Pfizer вакцинасын өндіруші компания акцияларын да KASE-тен сатып алуға болады. Әлемге белгілі кофеханалар желісі Starbucks корпорациясының жай акциялары Tesla, Exxon Mobil, Microsoft корпорациясының жай акциялары да отандық биржа тізімінде бар.

4 бетте

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

БҮГІНГІ
САНДА:

БІЛІМГЕ ҰМТЫЛҒАН ТАЛАПТЫ ЖАСТЫҢ МЕКЕНІ

3



ЕРТЕГІ МЕН ШЫНДЫҚ

4



